



Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

## Қазақ психологиялық қоғамы құрылды

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы академик Т.Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика оқу-зерттеу орталығында «Қазақстандағы этнопсихология мен этнопедагогиканың жай-күйі, жетістіктері мен көлеңкесі» тақырыбымен дөңгелек үстел өтті. Шараға Абай атындағы ҚазҰПУ, Қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, ҚазмемқызПУ, «Қайнар» университеті, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ғалымдары мен магистранттары қатысты.

Биыл елімізде ұлттық тәрбие, ұлттық педагогика мен психологиядан төл тілімізде жазылған алғашқы оқу құралдарының жарық көре бастағанына 20 жыл толып отыр. Бұл жайлы алқалы жиында сөз бастаған академик Т.Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика оқу-зерттеу орталығының директоры Құбығұл Жарықбаев айтты. «Бұл – рухани өміріміздегі елеулі оқиға. Тәуелсіздік жылдарында ұлттық тәрбиеге байланысты 30-дан астам ғалым докторлық диссертация қорғады. Ондаған оқу құралдары мен монографиялар, көптеген мақалалар жарық көрді», – деген ол педагогика мен психологияның маңызы мен қажеттілігіне тоқталды. «Қазақ рухын көтеру үшін ұлттық тәлім-тәрбиені ұрпаққа оқыту қажет. Қазіргі қоғамда жастар арасында өз-өзіне қол жұмсау, діни ағымдардың жетегінде кету фактілерінің көбеюі ұлттық психологияны мектептен бастап оқыту қажеттілігін көрсетіп отыр. Түп негізін, салт-дәстүрін, мәдениеті мен тарихын біліп өскен бала көптеген жағдайларға қарсы тұра алады», – дейді орталық директоры. Оның айтуынша, ТМД елдері, атап айтқанда, Ресей, Өзбекстан, Армения, Грузия, Украина мемлекеттерінде психология пәні мектеп бағдарламасына енген.

Жалғасы 3-бетте

## «Мен ҚазҰУ студенті атандым!»



АЛМАТЫ – ЖАЛЫНДАҒАН ЖАСТЫҚТЫҢ, БИІК АРМАҢДАР МЕН МАҚСАТТАРДЫҢ, ШЕКСІЗ МҮМКІНДІКТЕРДІҢ ҚАЛАСЫ. АЛ ОСЫ ҚАЛАДАҒЫ, ЖАЛПЫ ЕЛ АУМАҒЫНДАҒЫ ЕҢ ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТУДЕНТІ АТАНУ ӘР ТҮЛЕКТІҢ АРМАНЫ ЕКЕНІ СӨЗСІЗ. 3 ҚАЗАН КҮНІ СОЛ АРМАҢҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗІП, ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ЖАҢА ҚАДАМ БАСҚАН БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІН САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ «СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ» КЕШІ БОЛЫП ӨТТІ.

Жалғасы 8-бетте

## ЕЛ ТАҒДЫРЫН ТОЛҒАҒАН СҰХБАТ



Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлытау төріндегі ой толғау» сұхбатында айтылған негізгі бағыттарды талқылау мақсатында дөңгелек үстел өтті. Шараға ғалымдар, академиктер, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты.

Қасиетті Ұлытау жерінде берген Елбасы сұхбаты ғылыми орта үшін көптеген өзекті мәселелерді айқындаған жаңа бағыт болды. Жиында сөз бастаған ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Тілеккабыл Рамазанов осылай деді. «Елбасы «Мәңгілік ел» тұжырымдамасына, тіл, діл мен дін мәселелеріне тоқталды. Біз сұхбаттан ел тағдыры мен болашағына қатысты көптеген сұрақтарға қанығып, өзімізге ой түйдік. Қасиетті Ұлытау төрінде өткен сұхбатта жалпы әлемдік өркениетке бет алған елдің қандай болу керектігі қозғалды», – деді проректор.

Елбасы өз сұхбатында ел болашағы мен әлемдегі күрделі мәселелерді қарапайым тілмен аса ұғынықты етіп жеткізіп берді, – деп атап өтті өз кезегінде Ш. Уәлиханов атындағы тарих және археология институтының директоры Ханкелді Әбжанов. «Тәуелсіздік алғалы еліміз көптеген табысқа қол жеткізді. Бұл үдеріске серпін берген басты тұлға – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы. Ол тарихи зерттеулерді жүзеге асыруға, тарихты оқыту мен насихаттауға қажетті алғышарттарды жасады. Осы орайда «Мәдени мұра» бағдарламасына ерекше тоқталғым келеді. Руханиятымызға жаңа леп әкелген бұл бағдарлама аясында тарихқа қажетті жүздеген том құнды еңбектер жарық көрді», – деген Ханкелді Махмұтұлы сұхбатта қазақ тарихы кеңінен сөз болғанын тілге тиек етті. «Елбасы

айтқандай, қазақтың мақтанарлық терең тарихы бар. Ұлан-ғайыр даламыздың қай шетіне барсақ та қасиетті жерлер табылады. Елбасы өз сұхбатында Ұлытау жерінің қасиеті мен тарихи мәніне тоқтала келе былай деді: «Шығысқа барсаң, Берел қорғаны бар, Орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң – Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп». Елбасы біздің жастарымыздың оны біле бермейтінін айтты. Тарихымызды жаһандық үдерістің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға шақырды. Себебі тарихымызды жеткізе білсек, жастардың патриоттық сезімін де көтере аламыз», – деді институт директоры.

Сонымен Ұлытаудағы Елбасымыздың сөзі қазақ халқының тағдырында қазақ тарихының қандай маңызды екендігін тағы да дәлелдей түсті. Осы орайда жиында сөз алған ҚазҰУ профессоры, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Талас Омарбеков «Ұлытау – ежелгі мемлекеттердің ұлағатты мекені» атты баяндамасында: «Тәуелсіздік алғалы бері Елбасымыз тарихқа үздіксіз назар аударып, қоғамдық сананы қалыптастыруда және жетілдіруде тарихтың орасан зор маңызы бар екендігін түсіндірумен келеді» – деді. «Елбасымыз тоқталған Ұлытаудың орны шынында да ерекше.

Жалғасы 2-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

### БҮГІНГІ САНДА:

### БҮГІНГІ САНДА:

ЭНЕРГЕТИКЕ КАЗАХСТАНА  
ЗЕЛЕНУЮ УЛИЦУ



3-стр.

“МЕН ҚАЗІРГІ  
ЖАСТАРДЫҢ САУАТТЫ  
ЕКЕНІН АЙТҚЫМ КЕЛЕДІ”



5-бет

ҚАЗҰУ-ДА  
“ТАЗА БЕЙСЕНБІ”  
АКЦИЯСЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ



7-бет



РЕКТОРАТ

**Б қазанда өткен Ғылыми кеңес және ректорат мәжілісінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен АҚШ Тілдер бойынша ұлттық бірлескен комитетінің арасындағы келісімшартқа қол қойылды. Құжатқа ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов және аталмыш мекеменің атқарушы директоры Уильям Риверс қол қойды. Сонымен қатар Қазақстанда жапон тілінің дамуына өз үлестерін қосып келе жатқан Жапонияның халықаралық қоры атынан оның өкілі Айки Каё жапонтануды дамыту мақсатында шығыстану факультетінің деканы Б.Н. Жұбатоваға 3,188 АҚШ доллары көлеміндегі грант сертификатын табыстады.**

# КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Дәстүр жалғастығы бұл жолы да көрініс тапты. Жаңа оқу жылындағы алғашқы шәкіртақыларды қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі Алуа Темірболат «ТЭТ инвестстрой» ЖШС-ның демеушілік шәкіртақыларын оқу озаттары – «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті Қордабай Бақытқа және 4-курс студенті Оспан Ерсінге берді.

Кезекті жиынның жаңалығы проректорлар мен факультет декандарының деңгейлі индикативті көрсеткіштер келісімшарттарына қол қою рәсімі болды. Осы орайда ректор Ғ. Мұтанов: «Құрметті әріптестер, бүгіннен бастап жаңа дәстүр – проректорлар мен факультет декандарының деңгейлі индикативті көрсеткіштер келісімшарттарына қол қою рәсімін енгіземіз. Мұғалімдер күніне орай жаңа оқу жылында жаңа міндеттер алдық. Ұжымда үлкен қозғалыс болып отыр. Алдағы уақытта декандар кафедра меңгерушілерімен, ал олар әрбір мұғаліммен осындай келісімшартқа отырады», – деді.

Мәжіліс ары қарай алғыс және құттықтау хаттарымен жалғасты. Қытай халықтық республикасының төрағасы Си Цзиньпиндің құттықтауымен ҚР Парламенті Сенатының депутаты Анатолий Башмаковтың университет ректорын және барлық ұжымды кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, адамнан тұлға жасау ісіндегі еңбектеріне сәттілік, денсаулық және бақыт тілеген алғыс хаттармен университеттің бас ғалым-хатшысы Ләззат Шайкенова таныстырды.

Ал, күн тәртібінде қабылдау комиссиясының 2014 жылғы жұмысының қорытындылары туралы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Жарылқасын Жаппасовтың хабарламасы тыңдалды. Онда жалпы бытырғы жылмен биылғы жылдың көрсеткіштеріне толық сараптама жүргізілген. Арнайы әзірленген есепте барлық факультет, мамандық, грант және ақылы бөлімдер туралы жан-жақты қарастырылған. Жалпы жасалған жұмыстың пайыздық көрсеткіштері мен

университетте екінші жоғары білім алуға түскен студенттер туралы да мазмұнды ақпарат берілді. Тақырып аясында мәжіліске қатысушылар тарапынан жаңа мамандықтар ашу және журналистика факультеті «баспа ісі» мамандығының шығармашылық емтихандарының өту мерзімін шегеру туралы ұсыныстар болды. Бүгінде ҚазҰУ-да шетелдік студенттер саны артып келеді. Алда да оларды талапкерлерді тартудың жаңа жолдарын ойластырып, іс-шаралар жоспарын жасау міндеттелді. «Біз халықаралық деңгей бойынша Орталық Азиядағы оқу орындары ішінде көш ілгері болуға ұмтылайық. Қызықты, пайдалы оқу бағдарламаларымен талапкерлерді тартайық. Әрбір іс-шараны өзіміздің стратегиялық бағдарламамызбен астастырып атқарайық», – деді ректор Ғ. Мұтанов.

Жиын соңында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Autodesk» ғылыми-білім беру орталығын ашу туралы механика-математика факультетінің деканы Алматық Қыдырбекұлының ұсынысы және геодезия, картография және геоинформатика оқу-әдістемелік зертханасын ашу туралы география және табиғатты пайдалану факультеті деканы Виталий Сальниковтің, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің аудиториясына С. Әшімбаевтің есімін беру туралы факультет деканы Өмірхан Әбдіманұлының ұсыныстары бір ауыздан мақұлданды.

Университет басшылығы үнемі ұстаздардың жетістіктерін қолдап тұрады. Осы орайда бас ғалым хатшы Ләззат Шайкенованың арнайы ақпарымен біліктілік мәселелеріне байланысты Райхан Садықанова (2010 жылдан тарих ғылымдарының кандидаты), Жанар Оспанова (2006 жылдан химия ғылымдарының кандидаты), Жаннұр Мылтықбаеваны (2010 жылдан химия ғылымдарының кандидаты) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын ұсыну да қолдау тапты.

Еңлік АҚЖІГТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

# ЕЛ ТАҒДЫРЫН ТОЛҒАҒАН СҰХБАТ



Ол өз сөзінде қазақ халқы қалыптасуының алтын бесігі болып табылатын Ұлытау өңіріне байланысты тарихымызға нақты сипаттама бергеніне куә болды», – деген ол қазақ халқының шығу тарихына тоқталды. Сонымен қатар тарихымыздың тамырынан бастау алатын қасиетті Ұлытау мекенін зерттеумен кәсіби мамандар айналысуы керектігін баса айтты. Бұл тақырыпты «Қазақ хандығы дәуірінің Қазақстан тарихындағы маңызы» атты баяндамасымен ҚазҰУ профессоры Берекет Кәрібаев жалғады. Ол Елбасы сұхбатының бір бөлімі Отан тарихына, қазақ тіліне және дінімізге қатысты мәселелерге арналғанын, тарихшылар үшін Елбасының тарихқа қатысты айтқан сөздерінің маңызы зор екендігін айтты. Өз баяндамасында хандық дәуірдің қазақ тарихындағы маңызына кенінен тоқталды.

Жиын барысында Ұлытау төрінде берген Елбасы сұхбаты жан-жақты талқыланып, ой таразысынан өтті. Студенттер қауымы да өз ойларын ортаға салып, өздерін мазалаған сұрақтарға жауап алды. Ал университеттің оқытушы-профессорлар қауымы Елбасы сұхбатын басшылыққа ала отырып, өз мақсаттары мен міндеттерін айқындады.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## ҚАЗАҚ ЭФИРІНДЕ: ЖАҢА РАДИО!

«Алаш медиа» холдингінің азаматтары Қазақстанның ақпарат кеңістігіне тағы бір таза мемлекеттік тілде хабар тарататын ақпарат құралы – республикалық «Жұлдыз» жастар мен студенттер радиосын FM 101,4 әуе толқынына шығарды. Тәуелсіз мемлекетіміздің ақпарат кеңістігін қорғаудағы олардың осы қадамдары барша тыңдаушыларды тағы да бір қуанышқа бөлеп отыр. Жақында журналистика факультетінің үлкен акт залында осы «Алаш медиа» холдингінің бас продюсері Әзімхан Ахметовпен өткен кездесуде факультет доценті Клара Қабылғазина осылай деді. Ол «Алаш медиа» холдингінің бұған дейін де «Вести кз», «Тенгри ньюс», «Массажет кз», «Алаш айнасы» сияқты интернет порталдары мен «7 арна», «СТВ» телеарналарының хабар таратуларына тікелей қолдау көрсетіп келе жатқанын атап өтті. Бұл кездесуге бірінші және төртінші курс студенттері түгелдей жиналды.

Арнаның бас продюсері Ә. Ахметов студенттерге жаңа радионың бүгінгі мен болашағы туралы әңгімеледі. «Қазіргі таңда ақпарат кеңістігімізде хабар тарататын радиолар аз емес. Бірақ, «Қазақ радиосынан» басқа олардың басым бөлігі дерлік орыс тілінде сөйлейтін радиолар екені дау тудырмайды, – деді Ә. Ахметов өз сөзінде. – Біз осы кемшіліктің орнын толтыру мақсатында таза мемлекеттік тілде тәулігіне 24 сағат хабар тарататын радионы өмірге әкелдік. Қазіргі сәтте негізінен, әуе толқынындағы жиіліктерді тестілеу процесін бастан өткерудеміз. Ол дегеніміз біздің тарататын ән-әуендеріміз бен хабарларымызды республиканың 15 облыс орталығы мен үш қаласына: Семей, Жезқазған және Теміртауға таратудың дыбыстық жүйесін ретке келтіріп жатырмыз. 10 қарашаға дейін осы жұмыстарды бітіріп, тұсау кесерін жасамаспыз. Содан кейін «Жұлдыз» жастар радиосы тұрақты түрде өз хабарларын республика аумағына тарата

бастайды. Қазірше қысқа ақпараттар мен ән-әуендер FM 101,4 толқынында беріліп жатыр», – деді ол.

Кездесу барысында студенттердің қойған сұрақтарына жауап берілді. Оның барысында: «Мақсатымыз – тілдік ерекшелікке байланысты сырттап қалған қазақ жастарын ішке тартып, сол аудиторияға саналы дүниелер беру, үздік туындыларды ұсынып, заманауи, жас композиторлардың дүниелеріне жол ашу», – деген арнаның бас продюсері ұран ретінде Кеңес Дүйсекеевтің «Сәлем, саған, туған ел!» әні алынғанын жеткізді.

Кездесу соңында жастар келген қонаққа домбыра ұсынып, қазақтың дәстүрі бойынша «Ауылдың алты ауызын» айтуын өтінген еді. Қонақ бұл сыннан да сүрінбей өтіп, бірнеше күй орындап, көпшіліктің құлақ құрышын қандырды.

Құдиярбек АҒЫБАЕВ,  
Әмір МОЛДАБЕКОВ

ШАРАПАТ

## Мамылыша толы күн

Философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының «Мәдениет. kz» клубы студенттері 1 қазан күні «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында «Қарттар күніне» орай Алматы қаласының «Ардагерлер үйіне» барып, көмектесіп қайтты.

Ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген, Ұлы Отан соғысына қатысып, соғыс жылдары қан майданда кайталанбас ерлік көрсеткен ардагерлерімізбен сұхбат жүргізген студенттер үшін бұл күн өмірлік тәжірибеге, ақыл-кеңестер мен тәлім-тағылымға толы болды.

«Ата қайратты болса, бала ғибратты болады» деген сөз бекер айтылмаған. Халық арасында аузы дуалы, әңгімесі бәтуалы ақсақалдар барда ел ішінде алауыздықтың орын алмайтыны, жастары жөнсіз кетпейтіні белгілі. Қазақ «Төріңнен қарт кетпесін» дейді, жасы үлкенге құрмет көрсету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу – біздің ата-дәстүріміз. Ата-анамызды сыйлайық, қарттарымызды құрметтей білейік.

Қоғамымызда жүрекері мейірім мен шуаққа толы жандар көбейген сайын жарқын болашаққа деген сенім арта түсері анық!

Райхан УТЕШОВА,  
«Мәдениеттану» мамандығының 2-курс студенті,  
Кенжегүл БИЯЗДЫКОВА,  
ф.ғ.к., аға куратор-эдвайзер

**8 қазан күні рекреациялық география және туризм кафедрасы студенттерінің ұйымдастыруымен «Тыныс алу жолдарының аурулары және олардан сақтану жолдары» атты дөңгелек үстел өтеді**



# ЭНЕРГЕТИКЕ КАЗАХСТАНА

В конце апреля этого года Президент Казахстана Н.Назарбаев принял участие в церемонии закладки капсулы на месте строительства Выставочного комплекса «Астана EXPO-2017». Международная специализированная выставка послужит открытой площадкой для демонстрации технических и технологических достижений.

Тема выставки – «Энергия будущего» делает EXPO в Астане достаточно разноплановым мероприятием, затрагивающим практически все области энергетики и предъявляет особые требования к стране-организатору. Фактически строится новый центр с уникальными и инновационными объектами, большинство которых будут обеспечены «зеленой» энергетикой.

Основной целью проведения выставки в Астане ее организаторы называют исследование стратегий, программ и технологий, направленных на создание устойчивых источников энергии. Из этого вытекают и другие задачи EXPO-2017: повышение надежности и эффективности энергосбережения, стимулирование разработки наиболее прогрессивных методов использования, существующих в Казахстане традиционных источников энергии, что является необходимым условием для устойчивого развития всех областей промышленности. Это позволит повысить эффективность, надежность, экономичность и устойчивость производства электроэнергии.

В соответствии с поручением Главы государства перед учеными НИИЭТФ стоят задачи, как по развитию традиционных видов энергии, так и разработке альтернативных.

Уже сейчас у нас созданы плазменно-топливные системы для без-мазутной растопки котлов, и подхвата стабилизации горения пылеугольного факела на ТЭС. Эта технология особенно эффективна при сжигании высокосольных углей. Таких

## ЗЕЛЕНУЮ УЛИЦУ



углей, как в Казахстане, нет нигде. Их зольность достигает 40 и более процентов. Созданная технология позволяет эффективно использовать это топливо. Она позволяет легко воспламенить уголь без использования резервных топлив: мазута, природного газа и т.п.

Авторам технологии в ближайшее время необходимо разработать комплекс мероприятий по адаптации плазменно-топливных систем в условиях изношенности котельного оборудования, повысить надежность работы в сложных условиях пылеугольных ТЭС: высокие температуры, сильная запыленность и влажность.

Есть в арсенале ученых НИИЭТФ и разработки в области альтернативной энергетики. Разработаны технологии модернизации солнечных элементов

для изготовления концентраторных солнечных элементов с вертикальным переходом.

Созданы конструкции и технологии изготовления универсального солнечного концентратора и создание энергонезависимых устройств свето-тепло и электроснабжения. На стадии завершения находится разработка трехэлементного тепло-фотоэлектрического преобразователя солнечной энергии для автономной концентраторной энергетической системы.

В стадии завершения находится и разработка резервного фотоэлектрического генератора энергии для городских условий с функциями самоочистки приемной площадки, увлажнения и пылесбора из окружающего

воздуха.

Выполненный комплекс расчетно-теоретических и экспериментальных исследований в области инновационных технологий в энергетике имеет самостоятельную научную ценность и позволяет надеяться на успешное представление полученных результатов учеными НИИЭТФ на выставке EXPO-2017. К началу ее работы планируется создание опытных образцов концентраторных солнечных элементов с вертикальным переходом и разработка технологии использования кремниевых нанонитей для создания солнечных элементов нового поколения.

О.А. ЛАВРИЦЕВ,  
директор НИИЭТФ

Жалғасы. Басы 1-бетте

## Қазақ психологиялық қоғамы құрылды

Сондай-ақ жиында сөз алған ҚазҰУ-дың жалпы және этникалық педагогика кафедрасының профессоры Клара Кожахметова еліміздегі этнопедагогика саласының даму барысын тілге тиек етті. Ол: «Қазақстанда этнопедагогиканың ғылыми теориялық базасы бар, әдіснамалық негіздері қалыптасқан», – деген ұйғарымын жеткізді. Өз ғылыми зерттеулері «Этнопедагогика» және «Этнопедагогика: әдіснама, теория мен тәжірибе» атты кітаптарға арқау болғанын және 2010 жылдан бастап ҚазҰУ-да этнопедагогиканың педагогикалық мамандықтарға міндетті пәні ретінде енгізілгенін айта келе ғалым көпшілік назарын этнопедагогика саласының заманауи мәселелеріне, полимәдени тәрбиенің қауіптілігіне бағыттады. «Еуропа оған қарсы. Ал Германия полимәдени тәрбиені сепаратизмге апарар қауіпті жол санайды», – деп нақтылады ол.

Этнопсихологияның жай-жапсары жөнінде пікір білдірген ҚазҰПУ профессоры Меруерт Асылханова да өз тәжірибесін ортаға салды. «Мен орта мектепте 7 жыл зерттеу жүргіздім. Бұл тұрғыда балалардың мүмкіндіктерінің мол екендігін айтқым келеді. Мысалы, олар үш тұғырлы тілді қатар меңгеруге аса қабілетті. Алайда Елбасының өзі бәсекеге қабілетті болу үшін жастар алдымен психологиялық тұрғыда өзін көрсете білуі керектігін айтқан болатын. Нәтижесінде ұлттық психологияның жастарға ауадай қажеттігіне көз жеткіздім», – деді ол.



Келелі кеңеске қатысқан өзге де ғалымдар мен магистранттар өз ЖОО-ларындағы этнопедагогика мен этнопсихология пәндерінің оқытылу барысына, оқу орындарының этнопедагогикалық, этнопсихологиялық әдебиеттермен жабдықталуына, «Үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасы мен ұлттық тәрбие төңірегінде ой бөлісіп, ұсыныстарын білдірді.

Ұлттық педагогика мен психологиядан диссертация қорғаған ғалымдар арнайы шақырылған жиынның қорытындысінде Қазақ психологиялық қоғамын құру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Орталық директоры Құбығұл Жарықбайұлының айтуынша, әлемнің іргелі мемлекеттерінің бәрінде ғылыми психологиялық қоғам жұмыс істейді. Олардың жалпы саны 100-ден асып жығылады. Бұл жай сол елдердің рухани өміріндегі психология ғылымының маңызды рөлін айқындайды. Бүгінгі таңда Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы бойынша экономикасы, ғылымы, мәдениеті дамыған 30 елдің қатарына ену мақсаты көзделіп отыр. Ал дамыған отыздыққа енген елдердің бәрінде психология ғылымы айтарлықтай дамыған және оларда ұлттық психологиялық қоғамдар жұмыс істейді. Құбығұл Жарықбаев мұндай қоғамның тіпті Африка құрлығы мемлекеттерінде де әлдеқашан құрылып, бәрі Халықаралық психологиялық ассоциацияға мүше болғанын атап өтті. Осы орайда жиынға атсалысқан ғалымдар ел тағдырында аса өзекті рөл атқаратын психология ғылымының өркен жаюы үшін Қазақ психологиялық қоғамын құру туралы ұсынысты бірауыздан мақұлдап, жарғысын қабылдады. Қоғамның басшысы болып психология ғылымдарының докторы Мұқан Перленбетов сайланды.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

В Научной библиотеке КазНУ состоялась презентация книги «Практическая психология. Сборник кейсов» и встреча с соавтором издания кандидатом психологических наук, доцентом Майрой Кабаковой. Организаторами встречи выступили издательский дом «Қазақ университеті» и массовый сектор Научной библиотеки.

## Психология для всех

Книга была выпущена в издательском доме «Қазақ университеті», где собраны материалы студентов, магистрантов из реальной жизни простых людей. В каждом из этих эпизодов показаны жизненные примеры, а также как построить гармоничные отношения в обществе, семье, на работе, выход из конфликтных ситуаций и т.д.

В презентации приняли участие и другие соавторы книги А. Игисина, А.Ахметова, М.Нуртаева, Н.Есендиқова. Было много вопросов заданы авторам – студентам. Они приводили примеры из личной жизни, и тут же дискутировали. Разбирали, какие конфликтные ситуации могут быть между преподавателем и студентом. В завершение встречи ее участники пришли к единому мнению о том, что если человек своевременно обращается за помощью в решении своих проблем к психологу, то он сохранит надолго свое умственное и физическое здоровье.

С.С. ЖЫЛҚАЙДАРОВА,  
сотрудник издательского дома  
«Қазақ университеті»

42 студента КазНУ, обучавшихся на платной основе переведены на государственный образовательный грант



**ҮЗДІК ҮЛГЕРІМІ ҮШІН  
АҚЫЛЫ БӨЛІМНЕН  
МЕМЛЕКЕТТІК  
ГРАНТҚА АУЫСҚАН  
ТӨМЕНДЕГІ ҚАЗҰУ  
СТУДЕНТТЕРІН АЙТУЛЫ  
ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН  
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

## Международный опыт - уникальная возможность

*В Казахстане огромное внимание уделяется реформированию и развитию высшего образования, а также работникам этой сферы.*

В Государственной программе развития образования на период 2001-2015 годы представлены несколько основных направлений модернизации образования, в частности, развитие национальной системы оценки качества образования, система промежуточного контроля студентов вузов, система мер по государственной аттестации выпускников вузов. Конечной целью этих изменений является подготовка грамотного, всесторонне развитого и высококвалифицированного специалиста.

Благодаря прогнозной политике Главы государства в нашей стране профессорско-преподавательский состав имеет уникальную возможность пройти научную стажировку в ведущих высших учебных заведениях и научно-исследовательских организациях мира по Международной программе Президента РК «Болашак». Программа на протяжении многих лет подтверждает свою эффективность в подготовке высококлассных специалистов и сыграла огромную роль в повышении престижа страны в целом, а также способствовала развитию экономики, в частности, стимулированию интереса молодежи к самопознанию.

Министерство образования и науки РК на постоянной основе вносит комплексные изменения для модернизации программ в целях приведения в соответствие с государственными программами развития. Несомненно, научно-педагогические работники являются основополагающими в процессе образования. Для данной категории работников по программе международной стипендии предусмотрена возможность получения качественного и конкурентоспособного образования. Речь идет о программе прохождения стажировок с представлением языковых курсов, позволяющей уже практикующим специалистам повысить свои профессиональные навыки и получить передовые знания в лучших учебных заведениях мира. Согласно плану развития международной стипендии «Болашак», утвержденному решением Республиканской Комиссии по подготовке кадров за рубежом, стипендия будет реализовываться по принципу программно-целевого метода представления стипендии.

Суть программно-целевого метода набора следующая: любой крупный работодатель определяет у себя в штате группу людей и отправляет в Центр Международных программ по целевой заявке, в которой объясняется, какого специалиста и по какой программе работодателю необходимо подготовить. Наш университет активно принимает участие в этой программе. По решению Республиканской Комиссии

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ  
**БОЛАШАК**  
МЕЖДУНАРОДНАЯ СТИПЕНДИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

по подготовке кадров за рубежом доценты кафедры математического и компьютерного моделирования стали обладателями стипендии «Болашак» и прошли стажировку по специальности «Педагогическая диагностика. Оценка и управление качеством образования» в университете города Reading, в Великобритании. Им была предоставлена уникальная возможность получить международный опыт в сфере образования в период, когда наша страна входит в новый этап развития, когда образование, наука, культура, вопросы национально-патриотического воспитания становятся сердцевинной современной цивилизации, важнейшим ресурсом ее развития.

Изучение международного опыта – важнейший инструмент выработки новых идей и подходов, позволяющий улучшить текущую систему оценки знаний студентов, избежать многих ошибок и неверных решений на пути внедрения новых подходов стимулирования студентов. Этот опыт своеобразен и оригинален с позиции критериев оценки педагогического прогнозирования образования, как опыта в целом. Руководство университета объективно осознает, что международное сотрудничество в сфере высшего образования должно основываться на принципах подлинного партнерства, взаимного доверия, солидарности, а также признает необходимость осуществления международного сотрудничества в различных формах – студенческая мобильность, академическая мобильность, научно-техническое сотрудничество, обмен учебными программами и учебными материалами. Повышение качества преподавания способствует реализации социальной политики государства, подготовке и формированию человеческого капитала страны, конкурентоспособности, инновационной мобильности и активности граждан, отвечает общенациональным интересам. Мы уверены, что внедрение передового зарубежного опыта в учебный и научный процесс позволит наращивать свой профессиональный потенциал и конкурентоспособность на рынке труда Казахстана. Мы искренне рады возможности внести свою лепту в деятельность нашего университета по вхождению в число лучших университетов мира.

**С.Д. МАУСУМБЕКОВА,**  
обладатель стипендии «Болашак»,  
доцент механико-математического  
факультета

### БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Жеңісбек Е.Н.
2. Әкен С.Е.
3. Дәуір Б.С.
4. Койшыманова Р.Ф.
5. Тұрсын Б.Е.
6. Сәби Ә.А.
7. Платаева А.К.
8. Мамырова С.А.
9. Хабибуллина А.Б.

### ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Жұмабек Д.С.
2. Имашева З.А.
3. Базарбай Г.Б.
4. Абдыкеева С.Р.
5. Ағожаева А.М.

### ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИФАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Бекбаулиева Н.Н.
2. Отыншы Е.Н.
3. Жиенғалиев И.Қ.
4. Саметова А.А.

### ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

1. Мақұлбекова С.Б.
2. Омаржан Ж.Е.
3. Есентаева З.Б.
4. Жүніс А.А.

### ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Сұлтанмахмет Ә.Ж.

### ХИМИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Сәрсембаева Ұ.С.

### ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Астембекова Д.А.
2. Кадирова А.А.

### ФИЛОСОФИЯ И ПОЛИТОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Төресәева А.М.
2. Мұратхан А.Қ.

### ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Аданбекова З.Н.

### ФИЛОЛОГИЯ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Талапқали А.Д.
2. Нұрлыбай Б.М.
3. Садық Г.А.
4. Жақсылыққызы Қ.
5. Хамидоллаева М.Х.
6. Дусетова Г.Н.
7. Кабдуллина Г.К.
8. Тулепбергенова А.Е.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ:

1. Айнабекова А.С.
2. аубалды Б.Е.

### ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ:

1. Бейсбаева А.
2. Нуртолеу Е.К.
3. Ыдырысова С.





**Сапаров Қуандық Әбенұлы,**  
Қазақстанның Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі,  
биология ғылымдарының докторы, профессор:

## «Мен қазіргі жастардың сауатты екенін айтқым келеді»

Әкем Үкімет елдегі жұмысқа арнайы рұқсатпен қалдырғанына карамастан, ел басына ауыр күн түскенде өзі сұранып, Ұлы Отан соғысына аттанды. Ел мен жер үшін болған қан майданда үлкен ерлік көрсетіп 1945 жылы қаза тапты. 1942 жылы әкем соғысқа аттанған соң 1 айдан кейін мен жарық дүниеге келдім. Кейін анам әкеме хат жазып, шекесі торсықтай ұлдың дүниеге келгенін хабарлайды. Хатында ол кісі: «Аты Қуандық болсын», – депті. Менің атымды қойып кеткен әкем екен. Бұл менің өміріме қатысты аса маңызды жайлар.

Мен 1960 жылы Балқаш қаласындағы Абай атындағы орта мектепті үздік бітіріп, сол кездегі талап бойынша өмір жолымды өндірісте, Балқаш кен-металлургия комбинатында слесарь қызметінен бастадым. Уақыт келіп, Отан алдындағы азаматтық борышымды, әскери міндетімді өтеу үшін 1961-1964 жылдары Кеңес армиясының қатарына шақырылдым. Әскерде жүріп партия қатарына қабылданып, Ташкент қаласындағы әскери училищенің офицерлер дайындайтын қысқа мерзімді курсқа түстім, оны тәмамдаған соң лейтенант әскери атағы берілді. Жас лейтенант атанып, ғарышкерлер дайындайтын топқа шақырылдым. Бірақ, жастайымнан білімге, ғылымға құштар болып өскен соң, көп ойланбастан оқу ордасының көшбасшысы болып танылатын қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология факультетіне құжаттарымды өткізіп, барлық пәндерден емтихандарды жақсы тапсырып, студенттер қатарына қосылдым. Міне, осы жылдан, яғни 1964 жылдан бастап барлық өмір жолым Қазақ ұлттық университетімен тікелей байланысты. Қатардағы лаборанттан

белгілі профессорға дейін қызмет атқаруым соның дәлелі десем болады. Осы бір ғылым жолында қалыптасуыма академик ұстаздарым Т.М. Мәсенов, Т.Б. Дарқанбаев, Б.А. Домбровский, И.О. Байтулин, М.Х. Шығайа, профессорлар В.И. Фурсов, В.М. Инюшин және Мәскеу және Ленинградтың (қазіргі Санкт-Петербург) жетекші ғалымдары, профессорлар В.Ф. Машанский, Ю.Я. Коммисарчик, Е.А. Шубникова, Л.К. Романова және т.б. үлкен ықпалын тигізгенін айтқым келеді.

Өмірлік тәжірибемді қорыта келе жастарға айтарым, ғылым, білім саласы «инемен құдық қазғандай». Ұйқысыз түндер мен маңайдан төгілген терлер міндетті түрде уақытында өз жемісін береді.

Сондай-ақ мен бүгінгі таңдағы мына мәселеге жастардың назарын аударғым келеді. Мысалы Алматыда, темекі түтінінен, өкпе ауруынан қайтыс болатын адамдар саны 25 000. Ал, енді соны біле тұра жастар темекі тартады. Олар зиян екенін де біледі, үлкендер де үнемі айтып жатамыз. Тіпті, мынау ақырғы кезде жасөспірімдер, қыз-келіншектердің өздері темекі тарта бастады. Батыстың ықпалы ма, қазір қыз-келіншектердің оған әуестігі белен алып келеді. Мен қазір дәрістерімде айтып, тіпті көрсетіп те жүрмін. Некотин таяқшалары өкпе клеткаларының ішін жаракаттап, улап, клетканы өлтіреді. Алайда клеткада механизм болады. Ол жаңағы некотин таяқшаларын өлтіреді. Оның денгейі, мөлшері көп болып кетсе, клетка оны өлтіріп үлгері алмайды. Соның бәрін айтып отырамын. Бірақ, жастардың темекі тарту-тартпауы да ең бірінші отбасыдағы тәрбиеге байланысты. Әрине, отбасында айтып отырса, оған қоса



мұғалімдері де айтып отырса, олар кейін қойып кетуі де мүмкін.

Адам улы түгінді жұта берсе, алкогольді ішімдікті іше берсе, оның миы әрі қарай дамымайды. 1 гр алкоголь адамның миындағы мыңдаған клеткаларды өлтіреді екен. Адамның басында 16500000000 (16 жарым миллиард) клетка, 6500000000 (6 жарым миллиард) нейрон бар екен. Әрбір алкоголь осы нейрондарды өлтіреді. Ал, темекі тартқан адамның өмір жасы 5-10 жылға қысқарады. Оның орнына спортпен шұғылданса, дұрыс тамақтанса, саламатты өмір сүрсе, оның жасы ұзақ болар еді. Біле тұра барлығы темекіні тартып, алкоголь ішеді. Президентіміз айтқандай, ол тазалыққа да зиян. Яғни, темекіні тартады да, оны жерге тастай салады немесе оны өшірмейді, содан барып өрт пайда болады. Тіпті, сіз тартып отырсаңыз жаныңыздағы адамға да ауа арқылы тарайды, оның организмне де барады, сөйтіп ол адамның да организмне уланады.

Жастарға жоғарыда айтылған сындарға

карамастан, мен қазіргі жастардың сауатты екенін айтқым келеді. Айтылған ескертуден тез нәтиже шығаратындары да баршылық. Бір мысал айта кетейін, бірде заң факультетінің төрт баласы есік алдында темекі тартып тұр екен. Мен оларға: «Балалар темекі организмге зиян, мен егеуқұйрықтардың организмне темекі түтінін жіберіп, уландырып, эксперимент жасағам. Сонда олардың өкпесін қараған кезде ішінде көкпенбек көк түтін ғана қалған», – деп өз кеңесімді айттым. Сол жастар тағы бірде өтіп бара жатсам: «Ағай, біз темекіні тастап кеттік», – дейді. Мен қатты қуандым.

Қорыта келе студенттерге айтатыным, темекіден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстанайық. Қыз балалар – болашақ аналар, олар өз организмін уландырса, болашақ ұрпақ қандай болмақ. Соны ойланайық, жас ұрпақ!

Жазып алған **Айзада ЖОЛДАСОВА**

■ ШАРАПАТ

## ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТАҚЫРЫБЫ ҚОЗҒАЛДЫ

*Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасы және заң факультетінің «Құқықтық орталығының» бірігіп ұйымдастыруымен ТАКАФУЛ сақтандыру компаниясының басқарма төрайымы Құралай Елдесбаймен «Сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселесі бүгінгі күн талабы» тақырыбында кездесу өтті.*

Қ. Елдесбай ханым сақтандыру қызметі туралы, соның ішінде исламдық сақтандыру мәселелері, оның тарихы мен қазіргі шет мемлекеттердегі даму жағдайына жете тоқталды. ТАКАФУЛ сақтандыру компаниясының басты міндеттері мен мақсаттары туралы баяндама жасады.

Қазіргі уақытта «исламдық қаржыландыру мен банкінг» түсінігі дамыған мемлекеттерде жақсы бекініп алды. Исламдық қаржыландыруға деген үлкен қызығушылықты мұсылман емес

мемлекеттер де білдіруде. Сөйтіп, үлкен атаққа исламдық банкінг АҚШ-та, Ұлыбританияда, Германияда, Францияда және басқа батыс елдерінде ие болды.

Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыруды ендіру мен дамыту себептері мыналар: бұл қаржыландырудың жалғыз көзінен тәуелділігін төмендету қажеттілігі, яғни инвестициялық ағымдарды диверсификациялау; екіншіден – индустриалды даму жоспарын іске асыру үшін сыртқы ұзақ мерзімді инвестицияларды тарту; үшіншіден

– бұл ел экономикасына исламдық қаржыландырудың болмауы себебінен пайдаланылмай отырған халықтың қаржы ресурстарын камту. Міне осы мәселелерге байланысты ой қозғалып, магистранттар баяндама жасады.

Қазақстан да отандық нарыққа ислам қаржысын ендіру болашағы мен мәселелеріне зор қызығушылық танытады. Оның үстіне мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның 2020 жылға дейін ТМД және Орталық Азияда исламдық банк жүйесін құру орталығына айналу және Азиядағы жетекші қаржы орталықтардың ондығына кіру қажеттігін жүктеген болатын. Осы бағытта бірқатар шаралар атқарылды. Мәселен, еліміздегі ислам банкітері мен исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша заң нормалары бекіді. Исламдық

қаржыландыруды дамыту жөніндегі 2010-2012 жылдарға арналған Жол картасы бағдарламасы да қабылданды. Қазақстан өзге елдердің тәжірибесін зерттеу үдерісін әлі жалғастыруда. Дегенмен, ендігі кезең – исламдық қаржыландырудың елімізде толыққанды жұмыс жасауы үшін заңнамалық тіректерді камту болып отыр. Бұл кездесуге магистранттар мен студенттер аса қызығушылық танытып, белсенді қатысты. Көптеген сұрақтар қойылып сақтандыру мәселесі бәсекеге қабілетті елдің болашақ айғағы екендігі айшықталды.

**Г.А. ҚУАНАЛИЕВА,**

«Кеден, қаржы және экологиялық

құқық» кафедрасының доценті;

**Г.К. ШУЛАНБЕКОВА,**

аға оқытушы

**9 октября КазНУ и Британский Совет проводят презентацию партнерской программы «Ньютон – Аль-Фараби»**





# Утраченные иллюзии

В наш век, когда доминирует материальное, возводится культ денег, наживы, а совесть, человечность не в почете, драма А.Н. Островского «Бесприданница», написанная в 1878 году, приобретает острое современное звучание.

Главная героиня, Лариса Дмитриевна, — умна, красива, прекрасно поет под гитару. Но она...бесприданница. А это означает, что, несмотря на все ее достоинства, она не сможет выйти замуж за знатного и состоятельного господина. Лариса непрерывно находится в окружении мужчин, она не обделена вниманием. Но кто они, эти мужчины?

Кнуров, пожилой человек с громадным состоянием, крупный делец, женатый. Он видит все достоинства Ларисы Дмитриевны, ему даже жаль ее, однако предложить девушке он может только покровительство («теплое участие сильного, богатого человека», «доброе друга, солидного, прочного иметь необходимо»), роскошные подарки, совместную поездку в Париж на промышленную выставку (как это по-современному!).

Вася Вожеватов, друг детства. Лариса делится с ним своими секретами, доверяет ему. Но он делец, который все просчитывает, поэтому на Ларисе он не женится никогда! Ему нужна девушка с внушительным состоянием, богатым приданым, чтобы он мог расширить собственное дело, прирастить свои капиталы.

Сергей Сергееч Паратов. О нем следует сказать особо. Он сумел влюбить в себя Ларису и «отогнать» всех поклонников. Судовладелец, «блестящий барин», Паратов даже собирался жениться на Ларисе. Но ... внезапно исчез, не попрощавшись с нашей героиней. Ему нужно было срочно уехать, чтобы спасти свое состояние, которое его управляющие довели до критической точки. Тут уж не до любви!

Сердце Ларисы Дмитриевны разбито. Она не хочет больше любезничать с мужчинами, которых заывает в дом ее мать. В отчаянии девушка грозит выйти замуж за того, кто первым посватается. «Первым» оказывается Карандышев, небогатый чиновник. Молодой человек бывал частым гостем в доме Ларисы Дмитриевны и ее матери, но чаще всего он сидел незаметным в углу и бросал на остальных посетителей дикие взгляды. Карандышев заметно уступал остальным героям: он был самолюбивым и завистливым. Но девушке уже все равно. Она хочет поскорее выйти замуж и уехать далеко в деревню, потому что ей душно, она задыхается в этой обстановке, она устала от всего, что творится в доме матери. Но

новоявленный жених не спешит. Он хочет продемонстрировать этим ненавистным соперникам, что Лариса предпочла его, насладиться их реакцией, он победитель («Она умеет отличать золото от мишуры. Много блестящих молодых людей окружало ее; но она мишурным блеском не прельстилась. Она искала для себя человека не блестящего, а достойного»). Однако все происходит не так, как предполагал Карандышев. Он становится объектом жесточайших и циничных насмешек, глубокого презрения со стороны людей, считающих себя образованными и культурными предпринимателями, читающими европейские газеты. Вдобавок ко всему Лариса Дмитриевна уезжает кататься по Волге на катерах с внезапно объявившимся Паратовым и остальными господами. И это накануне свадьбы. Немыслимо! Карандышев, одержимый местью, отправляется на поиски своей невесты.

А что же Лариса Дмитриевна? Она надеется остаться с Паратовым, которого все еще любит. Уезжая с ним, девушка думала, что навсегда: ведь он вновь признавался ей в любви, и она его любит! К Карандышеву она больше не вернется, потому что презирает его. Но Паратов объявляет бедной девушке, что он обручен. Вот это удар! Он приехал, чтобы весело провести время со своими старыми приятелями накануне своей женитьбы («жизнь коротка, так надо уметь ею пользоваться»).

Очень показательны последние сцены, когда маски срываются и люди демонстрируют свое истинное отношение к героине, находящейся в критическом положении. Вожеватов на мольбы Ларисы о помощи, о сочувствии, о совете не предпринимает никаких попыток помочь и отвечает: «Ничего не могу! Ничего не поделаешь!» Кнуров обещает полное обеспечение («золотую клетку»). И тут она прозревает: «На меня смотрели как на забаву», «...они правы, я вещь, я не человек».

Трагический финал, когда Карандышев в отчаянии стреляет в Ларису, воспринимается и как ее спасение. Девушка хотела сама покончить с собой, но не решилась. Она понимала, что не сможет жить дальше: «Я любви искала и не нашла», «ни от кого я не видела сочувствия», «а ведь так жить холодно». И искренне благодарит убийцу: «Милый мой, какое благоденствие вы для меня



сделали!» Для нее смерть — единственный выход из данной ситуации.

Трагичность судьбы Ларисы в том, что она бесприданница. Никакие ее достоинства — живость натуры, богатый внутренний мир, способность глубоко чувствовать и искренность в проявлении чувств, в конце концов, внешняя привлекательность — не могут перекрыть этот ее «недостаток», гарантировать ей счастливую жизнь. Не так качества ценятся в мире, в котором она живет. Девушке приходится с этим считаться. Именно поэтому ей неудобно, некомфортно. Имя Лариса переводится как чайка. В конце пьесы она вырывается из этого плена и обретает свободу.

Ларису часто сравнивают с Катериной из другой драмы А.Н. Островского «Гроза». Действительно, эти девушки подобны «лучикам света в темном царстве» (Н.А. Добролюбов). Катерину окружали нежесточайшие купцы-самодуры, а Ларису — новый класс предпринимателей-дельцов. Девушки не соответствуют бесчеловечному и безразличному окружению, и у них единственный выход — избавиться от этого окружения, не дающего дышать полной грудью...

**Жамиля АБАЕВА,**  
к.ф.н., доцент кафедры  
русской филологии,  
русской и мировой литературы

**Отрывок из пьесы**  
Паратов (Ларисе). Позвольте теперь поблагодарить вас за удовольствие — нет, этого мало, — за счастье, которое вы нам доставили.

Лариса. Нет, нет, Сергей Сергееч, вы мне фраз не говорите! Вы мне скажите только: что я — жена ваша или нет?

Паратов. Прежде всего, Лариса Дмитриевна, вам нужно ехать домой. Поговорить обстоятельно мы еще успеем завтра.

Лариса. Я не поеду домой. Паратов. Но и здесь оставаться вам нельзя. Прокатиться с нами по Волге днем — это еще можно допустить; но кутиль всю ночь в трактире, в центре города, с людьми, известными дурным поведением! Какую пишу вы дадите для разговоров.

Лариса. Что мне за дело до разговоров! С вами я могу быть везде. Вы мне увезли, вы и должны привезти меня домой.

Паратов. Вы поедете на моих лошадях — разве это не все равно?

Лариса. Нет, не все равно. Вы меня увезли от жениха, маменька видела, как мы уехали — она не будет беспокоиться, как бы поздно мы ни возвратились... Она покойна, она уверена в вас, она только будет ждать нас, ждать... чтоб благословить. Я должна идти приехать с вами, или совсем не являться домой.

Паратов. Что такое? Что значит: «совсем не являться»? Куда деться вам?

Лариса. Для несчастных людей много простора в божьем мире: вот сад, вот Волга. Здесь на каждом сучке удавиться можно, на Волге — выбирай любое место. Везде утопиться легко, если есть желание да сил достанет.

Паратов. Какая экзальтация! Вам можно жить и должно. Кто откажет вам в любви, в уважении! Да тот же ваш жених: он будет радехонек, если вы опять его приласкаете.

Лариса. Что вы говорите! Я мужа своего если уж не любить, так хоть уважать должна; а как я могу уважать человека, который равнодушно носит насмешки и всевозможные оскорбления! Это дело кончено: он для меня не существует. У меня один жених: это вы.

Паратов. Извините, не обижайтесь на мои слова! Но едва ли вы имеете право быть так требовательными ко мне.

Лариса. Что вы говорите! Разве вы забыли? Так я вам опять повторю все с начала. Я год страдала, год не могла забыть вас, жизнь стала для меня пуста; я решила, наконец, выйти замуж за Карандышева, чуть не за первого встречного. Я думала, что семейные обязанности наполнят мою жизнь и помирят меня с ней. Явились вы и говорите: «Брось все, я твой». Разве это не право? Я думала, что ваше слово искренне, что я его выстрадала.

Паратов. Все это прекрасно, и обо всем мы с вами потолкуем завтра.

Лариса. Нет, сегодня, сейчас.

Паратов. Вы требуете?

Лариса. Требую.

Паратов. Извольте. Послушайте, Лариса Дмитриевна! Вы допускаете мгновенное увлечение?

Лариса. Допускаю. Я сама способна увлечься.

Паратов. Нет, я не так выразился; допускаете ли вы, что человек, скованный по рукам и по ногам неразрывными цепями, может так увлечься, что забудет все на свете, забудет и гнетущую его действительность, забудет и свои цепи?

Лариса. Ну, что же! И хорошо, что он забудет.

Паратов. Это душевное состояние очень хорошо, я с вами не спорю; но оно непродолжительно. Угар страстного увлечения скоро проходит, остаются цепи и здравый рассудок, который говорит, что этих цепей разорвать нельзя, что они неразрывны.

Лариса (задумчиво). Неразрывные цепи! (Быстро.) Вы женаты?

Паратов. Нет.

Лариса. А всякие другие цепи — не помеха! Будем носить их вместе, я разделю с вами эту ношу, большую половину тяжести я возьму на себя.

Паратов. Я обручен.

Лариса. Ах!

Паратов (показывая обручальное кольцо). Вот золотые цепи, которыми я окован на всю жизнь.

Лариса. Что же вы молчали? Безбожно, безбожно! (Садится на стул.)

Паратов. Разве я в состоянии был помнить что-нибудь! Я видел вас, и ничего более для меня не существовало.

Лариса. Поглядите на меня!

Паратов смотрит на нее.

«В глазах, как на небе, светло...» Ха, ха, ха! (Истерически смеется.) Подите от меня! Довольно! Я уж сама об себе подумаю. (Опирает голову на руку.)

Лариса. Я давеча смотрела вниз через решетку, у меня закружилась голова, и я чуть не упала. А если упасть, так, говорят... верная смерть. (Подумав.) Вот хорошо бы броситься! Нет, зачем бросаться! Стоять у решетки и смотреть вниз, закружится голова и упадешь... Да, это лучше... в бессмысленстве, ни боли... ничего не будешь чувствовать! (Подходит к решетке и смотрит вниз. Нагибается, крепко хватается за решетку, потом с ужасом отбегает.) Ой, ой! Как страшно! (Чуть не падает, хватается за беседку.) Какое головокружение! Я падаю, падаю, ай! (Садится у стола подле беседки.) Ох, нет... (Сквозь слезы.) Расставаться с жизнью совсем не так просто, как я думала. Вот и нет сил! Вот я какая несчастная! А ведь есть люди, для которых это легко. Видно, уж тем совсем жить нельзя; их ничто не прельщает, им ничто не мило, ничего не жалко. Ах, что я!.. Да ведь и мне ничто не мило, и мне жить нельзя, и мне жить незачем! Что ж я не решаюсь? Что меня держит над этой пропастью? Что мешает? (Задумывается.) Ах, нет, нет... Не Кнуров... роскошь, блеск... нет, нет... я далека от суеты... (Вздрыгнул.) Разврат... ох, нет... Просто решимости не имею. Жалкая слабость: жить, хоть как-нибудь, да жить... когда нельзя жить и не нужно. Какая я жалкая, несчастная. Кабы теперь меня убил кто-нибудь... Как хорошо умереть... пока еще успею себя не в чем. Или захворать и умереть... Да я, кажется, захвораю. Как дурно мне!.. Хворать долго, успокоиться, со всем परिшиться, всем простить и умереть... Ах, как дурно, как кружится голова.

Это произведение принадлежит великому русскому драматургу А.Н. Островскому. Казалось бы, что особенного в этой пьесе? Это одно из творений «Колумба Замоскворечья». Прошло много времени со дня выхода в свет этой пьесы, но она не теряет своей актуальности и в наше время. Чем так притягательна эта драма Островского?

«Бесприданницу» я читала в десятом классе. Скажу честно, далеко не все пьесы оставляют незабываемые впечатления в моей душе. Но эта драма привлекла меня колоритом ярких характеров, сложностью сюжета, различными взглядами героев на жизнь. «Бесприданница» — это настоящий шедевр, созданный А.Н. Островским.

Сюжет пьесы очень прост. Здесь раскрывается незаурядный характер главной героини драмы — Ларисы Огудаловой. События развиваются на фоне волжского городка Бряхимова. Лариса — очень впечатлительная натура, всегда ищущая свое место в

этой жизни, она талантлива, внимательна к окружающему миру. Психологизм драмы достигается при столкновении совершенно разных точек зрения персонажей на жизнь. Лариса окружена людьми, которые ценят только материальную сторону многогранного мира. Кнуров, Вожеватов, Паратов... Все эти господа заинтересованы только в деньгах. Им не понять богатый внутренний

необузданностью, страстью к наживе, свойственной и господам мира золотого тельца. Лариса не находит свое место в этой неидеальной жизни, полной низости, обмана, расчетливости. И она произносит свои знаменитые слова: «Вещь... да, вещь! Они правы, я вещь, а не человек... Наконец, слово для меня найдено, вы нашли его... Всякая вещь должна иметь хозяина, я пойду к хозяину...

нашел себе богатую невесту. И Паратов, и Кнуров, и Вожеватов, и Карандышев, и Харита Игнатьевна видят смысл жизни только в богатстве. Конец драмы очень трагичен: главная героиня погибает от рук Карандышева, своего жениха, который стреляет в нее из пистолета в порыве гнева и ревности.

Эти последние страницы очень яркие и незабываемые, они заставляют плакать равнодушных к судьбе Ларисы читателей. Я советую прочитать эту пьесу тем, кто интересуется творчеством крупнейшего русского драматурга А.Н. Островского, кто ценит в жизни любовь, счастье, богатый внутренний мир прекрасных людей. Все эти проблемы затронул автор в небольшой по объему пьесе, поэтому это произведение актуально и в наши дни.

**Динара КУПБОЛЬСИНОВА,**  
студентка I курса факультета  
филологии, литературоведения  
и мировых языков

## «Бесприданница»

мир Ларисы, такой нежной, заботливой, любящей девушки. Харита Игнатьевна, мать главной героини, приглашает в свой дом богатых мужчин, которые приходят, чтобы полюбоваться красавицей Ларисой и платят за это деньги хозяйке дома.

Карандышев... Этот персонаж также противоположен миру Ларисы своей противоречивостью,

Каждой вещи своя цена есть... я слишком, слишком дорога для вас... Уж если быть вещью, так одно утешение — быть дорогой, очень дорогой». Лариса разочарована в своей судьбе. Она по-настоящему любила Паратова, который был для нее сияющим ангелом любви, идеалом мужчин. Но он предал ее, предал жестоко: променял Ларису на «золотые промена»,

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА



**ӘЛІ ДЕ ОЙЛАЙМЫН**

Арманым қарыштап, шыкса да қиядан,  
Өзінді, сөзінді есіме жиі алам.  
Мұз көңіл жылынып, жадырап қалатын,  
Көзіңнен, жарығым, әлі де ұялам.

Төзімім шектеліп, сағыныш тасыған,  
Түнекті, жүректі, тілекті жасырам.  
Көңілді мұң жұтып жабықтым, жарығым,  
Езіле өзіңе әлі де асығам.

Тарықтым, қамықтым сағыныш толғай түн,  
Әнімді, жанымды өзіңе жолдаймын.  
Көңілім кептеліп, өзгерсін өмірім,  
Мен сені, жарығым, әлі де ойлаймын.

Жасыма жуылып атады бұла таң,  
Тағдырдың ісі деп жүректі жұбатам.  
Сырғып-ақ, жылжып-ақ өткенмен уақыт,  
Қайтейін өзінді әлі де ұнатам.

Кім айтты көңілім мөп-мөлдір көлді деп,  
Әлі де сезімім тұрады елжіреп.  
Жұлып-ақ тастар ем ұмытып өзінді,  
Қайтейін, кеудемде әлі де сол жүрек.

**СЕН ШЫҒАРСЫҢ**

Сүрер ме едім жабырқаулы өмірді егес,  
Жұбататын жүректі төзім де елес.  
Көкейімді шымшылап... сен шығарсың,  
Көңілімнен шықпайтын мөлдір елес.

Өмірімді сағыныш дейтін құз ғып,  
Сабылдырып өтуде күйкі тірлік.  
Жанарыма ұялап... сен шығарсың,  
Түн ұйқымды ұрлаған ұйқысыздық.

Тағдырымның тұманды таңымысын,  
Жабығулы жалғанның сағымысын.  
Мұңын шағып, үгіліп... сен шығарсың,  
Кірпігімнен үзілген сағынышым.

**АЙТАР ЕМ**

Болады неліктен бұла қыз,  
Қаншалық жүрекке ұнаңыз,  
Айтар ем сырымды ашынып,  
Дегенмен арамыз тым алыс.

Келмейді сізді де шаршатқым,  
Келмейді көңілді аңсатқым.  
Айтар ем сезімді булыққан,  
Арамыз дегенмен алшақ тым.

Неліктен дейсіз-ау асық қыз,  
Не себеп зарығып, ғашық қыз,  
Айтар ем сағыныш жайында,  
Дегенмен қашықпыз, қашықпыз.

Беймәлім мендегі жай-күйім,  
Шешілмес жүректе бар түйін.  
Көңілім булығып жасыма,  
Сағыныш қинаса қайтейін.

Біріміз-біріне арманбыз,  
Жүрегім, сезімім, ән-жалғыз.  
Сәлемін жолдайды назданып,  
Сағыныш елінде қалған қыз.

**Мереке ЗЕЙНОЛЛАҚЫЗЫ,**  
филология, әдебиеттану және әлем  
тілдері факультетінің студенті

# Ұстаздың ұлы келбеті

Ұстаздың ұлы келбеті жайында біз қандай пікірдеміз? Сол жайында бүгін біраз өз ойымды бүкпестен ортаға салсам.

Мына таңда «Ұстаз» деген ұлы ұғымды иеленіп жүрген қаншама адамдар бар. Бірінің бағы шауып, бірінің бабы шауып, енді бірі осы мамандыққа өз қалауымен келген жандар. Мен «Физика» мамандығының 3-курс студентімін. Мұнымен айтпағым, бұйырғанда болашақ ұстаздар қауымының бір өкілі де болармын.

Жоғарыда айтылғандай, қазіргі таңда ұстаздар қауымы көп, соған қарамастан мен осы бір керемет мамандық түрін таңдадым. Оның себебі, әрбір баланы білім нәрімен сусындатып, өмірден дұрыс жолын көрсету, ұғындыру, тек берілген сабақты ғана емес, өзіңнің өмірден алған сабағыңды да шәкірттеріңмен бөлісіп, ненің дұрыс, ненің

бұрыстығын, барлық жанды бағалай білу, қажеттінің қадірін түсіндіру деген ұғымдардың бәрі «Ұстаз» деген бес қана әріптен тұратын ұлы ұғымның ішіне сыйып тұрғандай. Өзімнің өмірде «әттеген-ай» деген кезеңдерімнің ешбірін сол уақыттарда шәкірттерімнің қайталамауына барымды салар едім. Әрине, бұл мендегі, бір кездегі арман, қазіргі таңдағы мақсатым. Ұстаздың ұлы келбетін мен өзімше ашуға тырыстым. Қорытындылай келе, бұл мақсаттың барлығы, әрине, алдағы күндердің еншісінде. Ал бүгінгі таңда сол ұлы ұғымға лайықты жандарға амандық, отбасыларына бақ-береке тілегім келеді. Өздеріңіз тәрбие беріп, жол көрсеткен шәкірттің тілегі қабыл болып, бастарыңыздан бақ кетпесін.

**Иманкүл МҰСАТ,**  
физика-техникалық факультетінің  
3-курс студенті

# ҚазҰУ-да «Таза бейсенбі» акциясы қайта жанданды

Осы аптаның бейсенбесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да студенттік қалашық аумағын көріктендіру мақсатында жалпыуниверситеттік «Таза бейсенбі» акциясы қайта жанданды. Тазалық шарасына барша университет қызметкерлері, факультет оқытушылары мен студенттер атсалысып, қалашықтағы алаңдар, оқу ғимараттарының айналасы мен көше бойын, арықтарды қоқыстан тазартты.

Табиғат – барша адамзаттың алтын ұясы, құтты қонысы. Оны сүйе білу, аялау және қорғау – ортақ міндет. Осы орайда қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке, экологиялық тазалыққа әрбір жасты тәрбиелеу үшін университетте «Таза бейсенбі» шарасы дәстүрлі түрде қолға алынған. «Әсем табиғат құшағында орналасқан қалашықтағы Студенттер үйінде әрбір бейсенбі – тазалық күні болып қалыптасқан», – дейді студенттік қалашық директоры Әбдіқаһар

Сейтжанов. Бұл күні тұрғындар бөлмелері мен Студенттер үйінің іші-сыртын жинап, тазалықтың сақталуына көңіл бөледі.

Бейсенбілік шара осы тұрақты үрдістің жалпыуниверситеттік деңгейде жандануы болып табылады. Университеттегі «Green Campus» жобасын жүзеге асырудың жарқын көрінісі болған тазалық шарасы енді әрбір бейсенбі сайын жалғасатын болады.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**



**Меруерт ЖОЛДЫБАЕВА,**  
Қаржы кафедрасының 3-курс студенті:

–ҚазҰУ – біздің ортақ үйіміз. Оны таза ұстап, әсем табиғатын қорғауымыз тиіс деп ойлаймын. Сондықтан да тазалық шараларына қалмай қатысамын. Сонымен қатар осылай бірге

жұмыс істеу арқылы тобымызда татулық орнайды, командалық рух пайда болады. Тарихи қаншалықты терең болса, дәстүрі де соншалықты бай оқу ордамыздың осындай игі шаралары жалғай білейік!

**Абай КУКИЕВ,**  
ӘЖБЖМ, қаржы кафедрасының аға оқытушысы:

–Экономика және бизнес жоғары мектебі, оның ішінде қаржы кафедрасының ұжымы мен студенттері тазалық бейсенбісіне түгелдей шықтық. Біз студенттермен бірге университетімізді тазарту шараларын әрдайым қолдаймыз. Себебі студенттерімізді университет айналасын таза ұстауға, жастарды жалпы тазалыққа, қоршаған ортаға деген қамқорлыққа үйретуіміз, тәрбиелеуіміз керек.

**Динара БИМҰРЗАЕВА,**  
қауіпсіздік қызметкері және жедел әрекет ету қызметінің маманы:

–Тазалық бейсенбісіне барлық факультет студенттері жаппай жұмылды. Құрбан айт мерекесі қарсаңында университет қалашығы аумағын тазартуды мақсат еткен «таза бейсенбілік» акциясы ұйымдасқан түрде өтті. Қалашығымыз одан әрі көркейе түсті. «Тазалық – денсаулық кепілі» екенін ұмытпағанымыз абзал.



Жалғасы. Басы 1-бетте

# «Мен ҚазҰУ студенті атандым!»



бар. Бүгінде университетте жалпы 19 мың студент білім алады.

Бұл дарындардың әрі қарай дамитынына және биылғы бірінші курс студенттері арасынан елімізді әлемге танытар майталман мамандар, білімді жастардың шығарына сеніміміз мол.

Мерейлі мейрам мерекелік концертке ұласты. Университеттің жаңа қабылданған студенттері өз өнерлерін көпшілікке танытты.

Адам баласының өмірі екі рет басталады. Алғашқысы — оның дүниеге келуі, екіншісі

— үлкен өмірге қадам басуы. Біздің бірінші курс студенттеріміз өз өмірлеріндегі ең маңызды қадам жасады. Бұл биік армандар мен максаттардың жүзеге асуына бастайтын алғашқы қадам. Себебі, олар еліміздің білімімен ғылымының, барлық салада дамуының ұлттық көшбасшысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті атанды.

**Ақниет ТӨЛЕНДІ,**  
журналистика факультетінің  
3-курс студенті

Мерекенің ашылу салтанатында жылдағы дәстүр бойынша бірінші курс студенттерін қатарымызға қосу мақсатында университет ректоры Ғалым Мұтанов 1-курс студенттеріне арналған символдық «Сынақ кітапшасын» және «Білім кілтін» тапсырды. «Осы кезден бастап еліміздің жетекші оқу орнының үлкен әрі тату ұжымының қатарына қосылып, оның үлкен тарихының бір бөлігі боласыздар. Осы жерде кәсіби жетістіктерге жол басталады. Студенттік жылдарыңыз сапалы білім алумен қатар қызықты жастық өмірге толы болсын», — деп университет ректоры жылы лебізін білдірді.

Биылғы мерекеді еліміздің туын әлемдік додаларда тік ұстаған халықаралық деңгейдегі спорт шеберлері:

Сәбина Алтынбекова, Владимир Толикин, Өмірсерік Бикенов, Виктория Лян және білімімен талай тандандырған халықаралық олимпиада жүлдегерлері Ақмарал Оналсын, Алуа Кенжебек, Нұрбол Нұрғазы, Мейіржан Айтуар, Марат Оразбаев, Ернар Ғабиден, Дулат Болат, Ерлан Байдрахманов, Абылай Әділмұхаметов, Айжан Қасым, өнерлерімен көпшілікке, жұртқа танымал әнші Әлішер Қайратұлы, айтыскер ақын Саягүл Бірлесбек, республикалық деңгейдегі көркемсөз оқу шебері Талғат Сатыбалдиев сынды дарынды студенттерді өз қатарымызға қостық.

Университетке биыл жалпы төрт мың студент қабылдана, оның ішінде «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиада жүлдегерлері



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 7,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында  
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

**Бағасы келісім бойынша.**  
**Таралымы 1000 дана.**  
**Тапсырыс № 1251**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.